

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

Оразбек Қуаныш Оразбекұлы

Электронды силабус

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты



Программалық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ПИ кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты,

ассистент-профессор

 Р. Юнусов
"  " 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: Электронды силабус


5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

Орындаған

Оразбек Қ. О.

Ғылыми жетекші

Лектор

 Д.А. Баймбетов
" 17 " 05 2019 ж.

Алматы 2019


КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты
Программалық инженерия кафедрасы

5B060200 – «Ақпараттану»

БЕКІТЕМІН

ПИ кафедра меңгерушісі,
тех. ғыл. кандидаты,
ассистент-профессор

 Р. Юнусов
" 21 " мамыр 2019ж.



**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушыға Оразбек Қуаныш Оразбекұлы
Тақырыбы: «Электронды сиплабус»
Университет ректоры бұйрығының № 1828-б "13" наурыз 2019 ж. шешімімен
бекітілген.
Орындалған жобаның өткізу мерзімі " 21 " мамыр 2019 ж.
Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Бұл дипломдық жобада
сиплабусты электронды түрде автоматтандыру. Жобаны құру барысында
Python бағдарламалау тілінің Django фреймворкі, Bootstrap фреймворкін
қолдандым.
Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:
а) жобаны модельдеу, UML диаграммаларын құру;
б) қолданылатын кестелерді анализ жасау;
в) заманауи технологияларды салыстыру;
г) бағдарламаны құру, кітапханаларды қосу, деректерді қосу және тестілеу.
Графикалық материалдар тізімі (міндетті суреттердің нақты көрсетілуімен):
презентацияның 18 слайдпен берілген құжат түрінде ұсынылған.
Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 10 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен.

Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Диплом жұмысының жоспар құрылымын құру.	14.01.2019	жоқ
2. Тапсырма қойылымы және бағдарламалау ортасын таңдау	18.01.2019	жоқ
3. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми теориялық материалдарды жинау және негізгі бөлім беру бойынша есеп беру жазбасын дайындау	01.02.2019	жоқ
4. Дипломның екінші бөлімі – жобалау сызбаларын дайындау.	15.02.2019	жоқ
5. Жобаның веб-қосымшасын тестілеуден өткізу.	18.03.2019	жоқ
6. Дипломдық жобаға түсіндірме жазба жазуды аяқтау	26.04.2019	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Нормалық бақылаушы	Алгожаева Р.С. Сениор-лектор	16.05.2019	
Бағдарламалық бөлім	Сман Н. О. Ассистент	16.05.2019	

Ғылыми жетекші  Д.А. Байымбетов

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент _____ К. О. Оразбек

Күні «17» 05 2018ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада кейінгі технологияларды қолдана отырып «электронды силлабус» жобасының веб қосымшасын құру қарастырылған.

Бұл жоба қоғамға қажетті әрі ыңғайлы жүйе болып табылады. Негізгі идея жоғарғы оқу орындарының оқытушыларының уақытын үнемдеу және оқу жүйесін автоматтандыру болып табылады. Оқытушылар тек қана керек мәліметтерді қолдана отырып силлабус дайындап шығарады.

Бұл жобаны құру барысында кейінгі және ыңғайлы технологиялар қолданылды. Бұл технологиялар арқасында осы веб қосымша жылдам әрі қауіпсіз болып табылады. Оның барлығы технологияның мүмкіншіліктеріне жатады.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассмотрена разработка веб приложений “электронного курса” с использованием последних веб технологий.

Данный проект является удобной и нужной системой для общества. Основные задачи работы автоматизация учебной системы и экономия времени студентов высших учебных заведений. Используя только необходимые данные студенты, могут подготовить курс.

В процессе разработки проекта были использованы последние и удобные технологии. С помощью этих технологии веб приложение является быстрой и безопасной. Все это относится к возможностям данной технологии.

ANNOTATION

In this thesis work is considered the development of web applications of the “electronic syllabus” using the latest web technologies.

This project is a convenient and necessary system for society. The main tasks of the work are the automation of the educational system and the saving of time of students of higher educational institutions. Students can prepare a syllabus using only the necessary data.

During the development of the project, the latest and convenient technologies were used. Using these technologies, the web application is fast and secure. All this relates to the capabilities of this technology.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Жалпы бөлім	10
1.1	Силлабус жайлы түсінік	10
1.2	«Электронды силлабус» веб қосымшасына қысқаша шолу	12
1.3	«Электронды силлабус» веб қосымшасының негізгі идеясы	12
1.4	«Электронды силлабус» веб қосымшасының өзектілігі	12
1.5	«Электронды силлабус» веб қосымшасының қолдану ортасы	13
1.6	«Электронды силлабус» веб қосымшасында қолданылатын технологиялар	13
1.7	«Электронды силлабус» веб қосымшасының функционалдылығы	14
1.8	Аналогтар	15
2	Жобалау бөлімі	16
2.1	UML бірыңғайландырылған модельдеу тілі	16
2.2	Use Case Diagram жайлы	16
2.3	Sequence diagram жайлы	17
2.4	ER диаграмма жайлы	18
3	Қолданбалы бөлім	21
3.1	«Электронды силлабус» қосымшасы	21
3.2	«Электронды силлабус» веб қосымшасының сыртқы дизайны	31
	Қорытынды	33
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	35
	А қосымшасы. Техникалық тапсырма	36
	Б қосымшасы. Бағдарлама мәтіні	39

КІРІСПЕ

Зерттеу барысында дипломдық жоба жасалды және ол үшін бірінші әдебиеттер тізімі жасалды. Екіншіден, тақырыптың практикалық маңызы мен өзектілігі анықталды. Осы зерттеу барысында ең керегі Веб-сайт болып табылды. Сондықтан қазіргі актуалды тақырып алынған болатын.

Интернет өмірімізге жылдам еніп кетті. Қазіргі уақытта адамдар өз өмірін интернетсіз елестете алмайды. Интернет бізге көптеген мүмкіншілік берді және алды. Көптеген адамдар электрондық пошта, жылдам хабар алмасу бағдарламалары, веб-сайттар, кез-келген ақпаратты, интернет-дүкендерді, блогтарды, әлеуметтік желілерді, онлайн-компьютерлік ойындарды, форумдарды және т.б. қосымшаларға қосылып алған. Шағын фирмалар мен үлкен Корпорациялар көптеген тапсырмаларды орындауға қабілетті корпоративтік Интернет-ресурстарсыз жұмыс істей алмайды. Ғалымдар көптеген компьютерлерді бір үлкен суперкомпьютерге біріктіретін үлкен есептеуіш ресурстар қажет ететін мәселелерді шеше алды.

Пайдаланушы стильді жобаланған, графикалық және анимациялармен шектелмеген, жылдам жүктелетін және веб-браузер терезесінде дұрыс көрсетілетін веб-беттерге кірген әлдеқайда ынғайлы.

Бұл жұмыстың мақсаты – силлабус жасауды автоматтандыру. Яғни таңдау операциялары арқылы ғана дайын pdf форматта силлабус жасап шығару. Осы жоба арқылы оқытушылардың уақытының басым бөлігін студенттермен өткізуге жұмсағанын қарастырдым. Себебі уақытының басым бөлігі документациялармен өтетіні айдан анық.

Дипломдық жобаның орындалуы керек міндеттер:

- веб-технологияларды үйрену;
- үлестірілген нұсқаларды басқару жүйесімен жұмыс жасау;
- жоғарғы оқу орнын зерттеу және талдау жасау;
- мәліметтер базасын оқу;
- Java Script тілдерін және веб-дизайндағы олардың мүмкіндіктерін үйрену;
- басқа жобаларды анализ жасап, керек функционалдарын қолдана отырып үйрену;
- силлабусты қарап, оны жүйелеу;
- Django фреймворкімен Spring Boot фреймворкін салыстырып, ынғайлы әрі функционалы жоғары технологияны таңдау.

«Электронды силлабус» веб қосымшасының ерекшеліктері өте көп. Мәліметтер базасымен сервер арасында байланыс өте жылдам болады және мәліметтер соған сәйкес тез алмасады. MVC паттерні арқылы осы қосымшаны көптеген функционалдар арқылы басқа жобалардан ерекшелеп көрсетеді. Әр қосымша жасалынып болған соң оның қауыпсіздігіне өте жоғары мән беріледі. Себебі қазіргі уақытта кибер шабуылдар жоғары дәрежеде жасалынады. Тағы

бір ерекшелігі ол бұл қосымшаның қауіпсіздігі болып табылады. Себебі Django фреймворкінің өзінің ішкі қауіпсіздігі өте жоғары дәрежеде жұмыс жасалынады.

1. Жалпы бөлім

1.1 Силлабус жайлы түсінік


Силлабус – бұл пәннің оқу-әдістемелік құралы болып табылады. Оған оқылатын пәннің сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері, әр сабақтың тақырыптары мен ұзақтығы, өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар, кеңес беру уақыты, мұғалімнің талаптары, бағалау критерийлері және негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі кіреді.

Әр семестрдің басында әрбір пәннен университеттің негізгі сайтында, оның ішінде кафедра бетінде керек силлабустар салынады. Және әрбір студентке еркін қолжетімді болатын қажетті силлабустар орналасады. Бұл оқытушы мен студенттердің бір-бірімен оңай әрі бірігіп немесе бөлек жұмыс істеуін оңтайландырады. Сырттай оқып жүрген студенттерге қолдануға оңай болып табылады.

Силлабустарды жазуға қатаң схема жоқ, мұғалім қажет деп санайтын нәрселерді қамтуға құқылы және студенттерге үйрететін пәндерді меңгеру үшін мәліметтерді салуға болады. Дегенмен, оқу жоспарының негізгі бөлімдерін ажыратуға болады:

- титулдық бет – білім беру мекемесінің атауы, сәйкес бөлім - әзірлеуші, пәннің атауы және коды, мамандықтың атауы немесе оқу бағыты, оқу семестрі, осы пәнді оқу үшін кредиттер саны (сағаттар), басқару нысаны.
- мұғалім туралы мәліметтер: мұғалімнің толық атауы, ғылыми дәрежесі мен атағы, лауазымы және кеңес беру орны мен уақыты.
- байланыс ақпараты: келу уақыты және байланыс телефондары (қызметтік, үй), электрондық пошта мекенжайы.
- кредиттер саны.
- күні: курстың жылын және семестрін көрсетеді
- пәннің сипаттамасы, пәннің өзектілігі мен мақсатын қамтиды.
- оқу және тақырыптық жоспардың уақытын сабақтарға байланысты бөлу. Оқу жоспары кесте түрінде ұйымдастырылады: «дәрістер», «практикалық», «зертхана», «жалпы сағат», «сабақ», «студенттердің өзіндік жұмысы».
- студенттерге арналған әдістемелік нұсқау. Силлабустың бұл бөлімі студентке арналған тапсырмалар тізімін, өзіндік жұмыс түрлерінің тізімі мен мазмұнын, оларды ұйымдастыру және енгізу бойынша ұсыныстарды қамтиды. Бұл силлабустың ең жан-жақты бөлімі, ол сабаққа дайындалуға арналған толық нұсқаулық болып табылады.
- негізгі және қосымша әдебиеттер. Негізгі әдебиет: негізгі әдебиеттер көздерінің оңтайлы саны 3-5 негізгі оқулықтар мен нормативтік актілер. Қосымша әдебиеттер: 10-ға дейін атаулар болуы мүмкін.

- бағалау туралы ақпарат.
 - бағалау саясаты.
 - постреквизит.
 - пререквизит.
- Силабус мысалын 1.1-суреттен көруге болады.

Силлабус		Казахский Национальный исследовательский технический университет им К.Сатпаева (КазНУТУ)	1
----------	---	--	---

УТВЕРЖДАЮ
Заведующий кафедрой
«Строительство и строительные
материалы»
Сартаев Д.Т.

« » 201 г.

SYLLABUS

КОД « Железобетонные конструкции I»

3 кредита

Семестр: 2, 2016 - 2017 уч. год

Преподаватель: ассоциированный проф., к.т.н. Жамбакина З.М.

Данные о преподавателе	Время и место проведения		Контактная информация		
	Аудиторных занятий	СРСП (офис часы)	Whats'Up	Аккаунт соцсети	e-mail
Ассоциированный профессор, к.т.н. Геотехника, строительные конструкции	45 часов: 30 час-лекции, 15 час-прак. занятия, 45 час-СРС, 45 час-СРСП, МУК	По расписанию на кафедре	8 701 75 7 7893	нет	zhambakin a@bk.ru

Пререквизит: для изучения дисциплины «Железобетонные конструкции I с основами сейсмостойкого строительства» студентам необходимы знания следующих дисциплин: математика, физика, инженерная механика, строительные материалы, архитектурные конструкции, геотехника, современные компьютерные расчеты.

Постреквизиты: знания данной дисциплины необходимы при дипломном проектировании..

Краткое описание курса: Данная дисциплина отражает современное состояние вопроса проектирования и расчета железобетонных конструкций в объеме, соответствующем программе курса.

Знания, полученные при прохождении дисциплины: студент учится владеть методами определения внутренних усилий, методами расчета прочности и деформативности железобетонных конструкций; приемами

1.1-сурет – Силлабус мысалы

1.2 «Электронды силлабус» веб қосымшасына қысқаша шолу

Қазіргі уақытта ІТ саласы қарқынды дамып жатыр. Көптеген салалар ІТ саласымен бірге жұмыс жасап жатыр. Медицина, экономика, білім беру және т.б. Мысалы, медицина саласында лазермен соқырішекті алып тастау. Сол сияқты басқада салалар қарқынды қолданып келе жатыр.

«Электронды силлабус» өте ыңғайлы автоматтандырылған қосымшасы болып табылады. Оқытушылар ол қосымшаны кез келген жерде қолдануға болады. Уйде, жұмыста, жолда немесе демалыс орындарында отырып қолдануға болады. Ол үшін интернет желісіне кіретін компьютер ғана қажет.

Бұл қосымша көмегімен оқытушылардың уақытын үнемдейміз және жүйке жүйесінің тозбауынан сақтайды. Себебі қазіргі уақытта оқытушылар көп документтермен жұмыс жасайды. Осы қосымшаға дейін силлабус құру үшін WORD программасымен жұмыс жасауға тура келді. Осы қосымшадан кейін оқытушылар уақытын үнемдейтін болады.

Әр оқытушының өз логині болады. Ал оған доступ администратор беретін болады. Авторизация бетінен өтіп болғаннан кейін негізгі бет ашылады. Ал ол бетте әр мұғалімнің өзіне байланысты мағлұматтар болады. Және таңдау операциясы арқылы керек мәліметтерді енгізіп баспаға шығарады. Админ беті арқылы керек мәліметтерді енгізуге, жоюға, өзгертуге болады. Ал қолданушы беті арқылы тек мәлімет қоса аламыз. Бұл қосымшаның негізінде сервер бөлігі жақсы қолданылады. Себебі ол жерде формалармен көп жұмыс жасаймыз. Формалар арқылы тікелей базаға қойылады.

Авторизация бетінде логин және пароль енгізу арқылы кіреді. Одан кейін негізгі бет болады. Осы бетте барлық оперциялар жүзеге асады. Әр аптаға тақырып және лабораториялық жұмыс таңдау қажет болады. Одан әрі сабақ, практикалық сабақтан беретін оқытушы, әдебиеттер тізімі, постреквизит және пререквизит таңдау қажет болады. Осыдан кейін ғана дайын силлабус PDF форматта шығады.

1.3 «Электронды силлабус» веб қосымшасының негізгі идеясы


Бұл дипломдық жобаның негізі идеясы жоғары оқу орындарының оқу жүйесін автоматтандыру. Яғни оқытушылар және студенттер заманға сай өмір сүру принципі. Уақытының басым бөлігін документациядан да пайдалы әрекеттер жасауға мүмкіншілік беру. Осы негізгі идея арқылы дипломдық жоба жасалынып жатыр.

1.4 «Электронды силлабус» веб қосымшасының өзектілігі

Бұл дипломдық жобаның өзектілігі уақытты үнемдейді және орындалатын орны. Уақыт бүгінгі өмірде маңызды. Осы веб қосымша арқылы біз тек қана жұмыс орнында ғана емес барлық интернеті бар жерлерде жұмыс жасай аламыз. Жұмыс орнында үлгермей жатсаңыз сіз уайымдамай уйге барып жұмысыңызды жалғастыра аласыз.

1.5 «Электронды силлабус» веб қосымшасының қолдану ортасы

Бұл дипломдық жоба жоғары оқу орындарында қолданылады. Біз алғашында оны өзіміздің Сәтпаев Университетіне қолданып көргіміз келеді. Өзіміздің оқу орнымызда жақсы қолданысқа ие болса онда басқа жоғары оқу орындарына өзімнің жобамды ұсынып көремін. Осы қосымшаны университетіміздің негізгі сайтына салынатын болады. Алғашқыда ол бөлек қосымша болып жұмыс істейді. Негізгі сайттын көрінісі 1.2-суретте көрсетілген.



1.2-сурет – Негізгі сайт

1.6 «Электронды силлабус» веб қосымшасында қолданылатын технологиялар

Негізінен веб қосымша құру барысында 2-ге бөлінеді. Ол: клиент бөлігі және сервер бөлігі болып. Екеуі көбіне бірге жүреді. Менің жобам негізінен сервер бөлігін кеңінен қолданады. Себебі мәліметтермен көп жұмыс жасалынады.

Клиент бөлігі қолданушыларға көрінетін бөлік десек те болады. Оны тағы қолданушы интерфейсі деп айтады. Қолданушы интерфейсі өте маңызды бөлігі болып табылады. Себебі қолданушы веб бетке кірген сәтте ол адамға түсініксіздеу болса онда қолданғысы келмей қалады. Сол үшін кейінге технологияларды қолданған дұрыс болады. Менің жобамда клиент бөлігі JAVASCRIPT, BOOTSTRAP, CSS технологияларын қолдана отырып жасалған болатын.

Сервер бөлігі веб қосымшасының ең негізгі бөлігі болып саналады. Ол сайттың негізгі қызметтеріне жауап береді. Сервер бөлігі қолданушыға көрінбейтін болып қызмет жасайды. Ол мәліметтерді алмасуға және мәліметтер базасымен байланыс жасауға қолданылады. «Электронды силлабус» жобасында ол бөлігіне Python тілінің Django фреймворкін қолдандым. Ол қазіргі уақытта кеңінен қолданылып жатыр және өте жоғары деңгейде дамып келе жатыр. Негізгі қолданатын паттерн ол MVC. Model, View, Controller принципімен жұмыс жасалынады. Model дегеніміз мәліметтер базасына кесте қосу үшін осы модель бетіне жазып кету қажет. View түсінігі қолданушы интерфейсіне қандай мәліметтер көрсету қажеттілігін реттейді. Controller адресстерге тікелей жауап береді. Керек html беттерін қандай адреспен көрсететініне жауап беретін паттерн бөлігі.

1.7 «Электронды силлабус» веб қосымшасының функционалдылығы

Әр жасалған программалық қосымша жоғары функционалды болуы қажет. Егер функционалды болмаса онда ол бәсекелестік жағдайда ол қолданылмай қалуы мүмкін. Мысалы, Olx.kz қосымшасымен Market.kz қосымшасын салыстыратын болсақ, онда Olx.kz қосымшасының функционалдылығы жоғары болғандықтан оның қолданушылар өте көп.

Менің қосымшамда функционалдылығы жоғары десек те артық болмайды. Ең негізгі функционалдылығы ол жылдам жұмыс жасауы. Егер біздің жасалынып жатқан жобамыз асықпай жұмыс жасайтын болса онда қолданушылар қолданбай қалады.

Силлабус-қа кесте қосу үшін бөлек веб бет жасалған. Және сол веб бетке кіріп әр аптаға тақырып және зертханалық жұмыс жасалынады. Оның барлығы қолданушыға яғни оқытушы интерфейсіне көрініп тұрады.

Авторизация бетінде логинға деп тұрған жерге әр лектор өзінің логинімен кұпия сөзін жасған сәтте менің қосымшам жүйеде өңдеп сол лекторға ғана қатысты сабақтарды және лабораториялық жұмысты интерфейске шығарып береді. Ол функционалдың мақсаты, лекторға байланысты емес сабақтарды көрсетпеу. Егер қолданушы көретін болса көп жазбалар шығып тұрады. Оның барлығы SQL тілінде жасалады.

Бір ғана постреквизит, пререквизит, әдебиеттер таңдау ғана емес көп жазбалар таңдай алатын мүмкіндік. Себебі постреквизит, пререквизит, әдебиеттер көп болуы мүмкін.

1.8 Аналогтар

«Электронды силлабус» веб қосымшасына ұқсайтын қосымшалар мүлдем жоқ. Себебі оқу орындар автоматтандыруды кеңінен ашып қолданбайды. Сол мақсатта жоғары оқу орындар дәл осы сәттен бастап автоматтандыруды қолымызға алу қажет. Жалпы қазіргі оқу орындарға қатысты қосымшалар санаулы ғана. Оның бірі әр оқу орнының жеке веб сайты. Яғни портал. Ол веб қосымшаның ішінде бағалау беті, сабақ кестесін көретін бет және тағы басқа функционалдары бар.

2 Жобалау бөлімі

2.1 UML бірыңғайландырылған модельдеу тілі

UML тілі – бұл стандартты визуалды модельдеу тілі болып саналады. UML-дің мақсаты - барлық объектілі-бағдарланған әдістермен қолдануға болатын стандартты белгілерді ұсыну және предшестволық белгілердің үздік элементтерін таңдау және біріктіру. UML кең ауқымды қосымшаларға арналған. Осылайша, ол көптеген жүйелер мен әрекеттер үшін конструкцияларды қамтамасыз етеді (мысалы, бөлінген жүйелер, талдау, жүйені жобалау және орналастыру).

UML бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу мен құжаттаудың айналасындағы хаос түрінде пайда болды. 1990-шы жылдарда бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін көрсету және құжаттаудың бірнеше түрлі жолдары болды. Бұл жүйені бейнелеудің неғұрлым бірыңғай әдісі қажет болды және нәтижесінде 1994-1996 жж. UML Rational Software-да жұмыс істейтін үш бағдарламашылар әзірледі. Кейінірек ол 1997 жылы стандарт ретінде қабылданды және бірнеше жаңартуларды ғана алғаннан бері стандартты қалды.[3]

Жүргізу диаграммалары жүйедегі объектілердің динамикалық мінез-құлқын көрсетеді, уақыт бойынша жүйеге өзгерістер тізбегі ретінде сипатталуы мүмкін, мінез-құлық диаграммасының жеті түрі бар:


- Use Case Diagram;
- Activity Diagram;
- State Machine Diagram;
- Sequence Diagram;
- Communication Diagram;
- Interaction Overview Diagram;
- Timing Diagram.[8]

2.2 Use Case Diagram жайлы

Use Case диаграммасы ең алдымен, жүйенің функционалды талаптарын анықтау және бүкіл даму үдерісін бақылау үшін жасалған. Талдау, дизайн, тестілеу сияқты барлық негізгі іс-шаралар қолдану жағдайлары негізінде жүзеге асырылады. Актерлар мен қолдану варианттарының арасында әртүрлі байланыстар бар. Өзара әрекеттесудің негізгі түрлері:

- жай ассоциация;
- бағытталған ассоциация;
- мұрагерлік;

- кеңейту(extend);
 - қосу.[5]
- Жобаның Use Case диаграммасы 2.1-суретте көрсетілген.



2.1-сурет – Use Case диаграммасы

2.3 Sequence diagram жайлы


Уақытында ұйымдастырылған объектілердің өзара әрекетін көрсететін диаграмма. Атап айтқанда, ол өзара әрекеттесуге байланысты объектілерді және олар алмасатын хабарлардың дәйектілігін бейнелейді. Кезектілік диаграммасында екі өлшем бар: тік (уақыт) және көлденең (өзара әрекеттесуге тартылған нысандар). Әдетте, уақыт осі жоғарғыдан төменге бағытталған (қажет болса, ось бағыты алмасуы мүмкін). Әдетте, бұл маңызды хабарлар тізбегі, алайда нақты уақыттағы бағдарламалар үшін уақыт осі нақты метрика ретінде қызмет етуі мүмкін. Объектілердің көлденең орналасу тәртібі маңызды емес.

Әрбір объект жеке тік баған ретінде бейнеленген. Нысанның белгісі (астыңғы сызылған нысан атауы орналасқан тікбұрыш) бағанның үстіне, бұл нысан жасалатын хабардың көрсеткісінің соңында орналастырылады. Егер объект диаграммада көрсетілген бірінші операциядан бұрын болған болса, нысан таңбасы диаграмманың жоғарғы жағында, кез келген хабарлардан бұрын көрсетіледі. Одан объектінің жойылуына кедергі келтіретін сызық сызығы

пайда болады (егер бұл сәт диаграммамен сипатталған болса). Бұл желі өмір жолы деп аталады. нысан жұмысын тоқтатады, онда нүкте, онда үлкен крест (X), немесе объектінің бұзылуын тудырады, немесе объект өзін жояды нүктесінде хабарлама көрсете көрсеткі жағын тұрған. Объектінің қызметі кезеңі екі қатарлы сызық ретінде бейнеленген. Мұндай кезең, белсенді нысанның немесе пассивті нысанның жандандыру уақытта өмір - бұл (сондай-ақ, жүз туындаған операциялар қайтару операциясы күтіп жұмсалған уақытты қамтиды) объектінің кезінде жұмыс уақыты болып табылады. Нысан рекурсивті түрде, тікелей немесе жанама түрде қоңырау шалса, онда екіншісі бірінші қосарлы үздіксіз сызықтың жанында орналасады. Осылайша, қос активтендіру бейнеленеді (теориялық тұрғыдан, мұндай қос сызықтардың саны екіден көп болуы мүмкін). Нысандардың тәртібі маңызды емес, бірақ ыңғайлылық тұрғысынан көрсеткілердің өтуі тиіс өмір жолдарының арасындағы қашықтықты азайту жақсы. Терминалдың жанына активтендіру туралы түсініктеме қоюға болады. Жобаның Sequence диаграммасы 2.2-суретте көрсетілген.

Диаграмманың негізгі элементтері:

- орындалатын түйіндер;
- объектілер;
- ауысулар;
- басқару түйіндері;
- коннекторлар;
- топтастырылған элементтер.



2.2-сурет – Sequence диаграммасы

2.4 ER диаграмма жайлы

ER диаграммасы мәліметтер базасында кеңінен қолданады. Ол екі кестенің байланысын көрсетеді. Кестелер байланыссыз мүлдем мағынасы болмайды. Байланыстың 3 түрі болады: бірдің бірге, бірдің көпке, көптің көпке. Осы байланыстар иерархиялық байланыс деп атайды. Бірдің бірге байланысы бір жазбада бір ғана үлгі болуы қажет. Бірдің көпке қатынасы бір жазбаның көп үлгісі болуы қажет болып саналады. Ал көптің көпке қатынасы көп жазбаның көп үлгісі болуы қажет. Менің диаграммамда көрсетілгендей бірдің көпке қатынасы қолданылады. Қазіргі уақытта үлкен компаниялар, банктер осы диаграмманы қолданады. Себебі кестелердің байланысын көрсету қажет болады.

Қазіргі уақытта NoSQL кеңінен қолданылып жатыр. Ол жерде ER диаграммасы мүлдем қолданылмайды. Мүлдем байланыссыз. Байланыс болу үшін primary key және foreign key болуы қажет. Өлшемі аз мәліметтермен жұмыс жасауға ыңғайлы жасалған. Оның үлкен артықшылығы тез жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

«Электронды силлабус» веб қосымшасы реляциялық мәліметтер базасын қолданады. Сол себепті ER диаграммасын қолданамын. «Электронды силлабус» веб қосымшасында 6 негізгі кесте бар. User, Teacher, Adebiet, Takugrup, Zert_jumys және Subject. User - ге лектор оқытушылар кіреді. Ол кестеде оқытушының логині, аты-жөні, почтасы, құпия сөзі, ұялы телефоны кіреді. Логиніне негізгі кілт жасалған. Teacher кестесінде университеттің барлық оқытушылары туралы ақпарат жиналған. Бұл кестенің сыртқы кілті User және Subject кестелерімен бірдің көпке және көптің көпке қатынасы арқылы байланыс жасайды. Себебі бір оқытушы көп сабақтан бере алады және бір сабақты көп оқытушы өткізе алады. Сол үшін Teacher және Subject кестелері көптің көпке қатынасымен байланысқан.

Subject кестесінде барлық дисциплиналар(сабақ) туралы мәліметтер сақталады. Осы кесте мынададай атрибуттардан тұрады: сабақ атауы, кредит саны, сабақтың толық анықтамасы. Және сыртқы кілттері Takugrup және Adebiet кестелерімен көптің көпке қатынасымен байланысып тұр. Әр сабақта бір немесе одан да көп тақырып болуы әбден мүмкін. Ал бір тақырып көп сабақта болады. Дәл сол сияқты бір пәнде бірден көп әдебиеттер тізімі болса бір әдебиет көп пәнде болуы мүмкін.


Takugrup кестесі номер, тақырыптың аты, толық анықтама деген атрибуттардан тұрады. Ол Zert_jumys кестесімен бірдің көпке қатынасымен байланыс жасайды. Бір тақырыпта көп зертханалық жұмыс болады және бір зертханалық жұмыс көп тақырыпта болмайды.

Әдебиеттер тізімі кестесінде тақырып атауы, типі, автор, шығарылған мекеме, жылы, бет деген атрибуттардан тұрады. Әдебиеттер тізімі тек қана әдебиеттер сақталынған кестесімен байланысқан.

Зертханалық жұмыс кестесі осындай атрибуттардан тұрады: номері және зертханалық жұмыс атауы. Зертханалық жұмыс тек қана тақырып кестесімен байланыс жасайды.

User кестесі барлық кестелермен байланыс жасалынған. Осы байланыс арқасында біз логин енгізіп авторизация бетінен өтіп негізгі бетке кірген сәтте кіріп тұрған қолданушыға қатысты мәліметтер ғана экранға көрінетін болады.

Тағы да негізгі кестелерден бөлек Keste және Lit деген қосымша кестелер бар. Ол кестелердің қызметі уақытша мәліметтерді сақтау үшін қолданылады. Осы веб қосымшаға авторизация жасаған сәтте қосымша кестелер тазарып отырады. Жобаның ER диаграммасы 2.3-суретте көрсетілген.



2.3-сурет – ER диаграммасы

3 Қолданбалы бөлім


3.1 «Электронды силлабус» қосымшасы

«Электронды силлабус» қосымшасы веб – технологиялары арқылы жасалғаннан кейін ол міндетті түрде сервер бөлігінен және клиент интерфейсінен тұрады. Сервер бөлігінде көбіне формалармен жұмыс істеуге тура келеді. Және сервер бөлігінде мәліметтер базасымен жұмыс жасалынды. Клиент бөлігі HTML, JAVASCRIPT, BOOTSTRAP және CSS технологиялары арқылы жасалған. Ал сервер бөлігі Питон тілінің DJANGO фреймворкі көмегімен жасалған.

Қолданылатын мәліметтер базасы SQLite. Ол DJANGO фреймворкімен бірге жүреді. Ол аз мәліметтерді сақтай алады. Егер мәліметтер көлемі көп болатын болса онда ORACLE қолданған жөн болады. Бұл базада қолданылған байланыс түрі бірден көпке.

«Электронды силлабус» қосымшасының негізгі беттері 4 беттен тұрады. Олар: админ беті, авторизация беті, таңдау беті және дайын силлабус беті.


Бірінші бет авторизация беті. Яғни оқытушылар өзінің логині және құпия сөзін жазу керек болады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының авторизация беті 3.1-суретте көрсетілген.



3.1-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының авторизация беті

Осы авторизация бетінен дұрыс өтіп болғаннан кейін таңдау бетіне өтеміз. Егер де дұрыс өтілмеген жағдайда Администраторға ескерту керек болады. Біздегі администратор мүмкіншілігі superuser болып табылады. Таңдау бетінде біз енгізу және таңдау операциялармен жұмыс жасаймыз. Суретте көрініп тұрғандай кесте құру батырмасын басқан кезде басқа веб бет ашылады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының таңдау беті 3.2-суретте көрсетілген. Негізгі бетте қолданылатын функционалдар:

- кесте құру
- лектор таңдау
- практика сабағынан беретін мұғалім
- лаборатория сабағынан беретін мұғалім
- сабақ таңдау
- сабақ қосу
- постреквизит таңдау
- пререквизит таңдау
- әдебиеттер тізімін таңдау
- әдебиет қосу
- PDF форматта сақтау



3.2-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының таңдау беті

Кесте құру бетінде әр аптада тақырып таңдау операциясы және зертханалық жұмыс таңдау операциясын қолдана отырып бір семестрдің жобасы шығады. Осы бетте әр апта, тақырып және зертханалық жұмыс таңдап жіберу батырмасын басқан уақытта сол бетте кішігірім кесте визуалды түрде көрсетіледі. Барлық 15 аптаны толық толтырып болғаннан кейін кері қайту батырмасын басу қажет. Сол батырма басылған сәтте негізгі бетке қайтып оралады. Визуалды кесте де апта, лекция және зертханалық жұмыс көрсетіліп тұрады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының кесте құру беті 3.3-суретте көрсетілген.

Апта	Лекция тақырыбы	Практикалық жұмыстың тақырыбы
1	Spring Data Jpa	kuka_zert
2	PL/SQL, Developer Орнату және айнымалылармен танысу	kuka_zert
3	Процедура Процедураның параметрлері	kuka_zert

3.3-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының кесте құру беті

Негізгі бетке қайта оралғаннан кейін сабақ қосу батырмасын басқан сәтте жаңа бет ашылады. Ол беттің қызметі мәліметтер базасына жаңа сабақ қосу. Яғни Subject кестесіне жаңа жазба құрады. Егер негізгі бет интерфейсінде осы оқытушының пәні болмаған жағдайда осы операция жұмыс жасайды. «Электронды силлабус» веб қосымшасының сабақ қосу беті 3.4-суретте көрсетілген.

localhost:8000/catalog/subform/

Сабақ аты:

Кредит:

Мазмұны:

Пән өту кезіндегі алған білім:

Постреквизит:

Тақырып:

- python
- Python тілін орнату
- Синтаксиспен танысу
- Цикл, шартты операторлар

Әдебиет:

- Программирование на Java
- Django для новичков
- Python and Django
- <https://www.python.com/>

3.4-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының сабақ қосу беті

Дәл алдыңғы веб бет сияқты әдебиеттер қосу беті де жұмыс жасайды. Adebiet кестесіне жаңа жазба жазады. Ол операцияның барлығы админ бетінде де қолданады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының әдебиет құру беті 3.5-суретте көрсетілген.

localhost:8000/catalog/adform/

Әдебиет аты:

Автор:

Издание:

Бет саны:

Шығарылған жылы:

ДД. ММ. ГГГГ


Типы:

Сақтау

3.5-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының әдебиет құру беті


Таңдау бетінде барлығын толық таңдап болғаннан кейін «Басып Шығару» батырмасын басқан сәтте дайын силлабус беті шығатын болады. Осы бетте

«PDF» батырмасын басқан жағдайда бізге толық PDF форматта силлабус шығатын болады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының дайын силлабус беті 3.6-суретте көрсетілген.




3.6-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының дайын силлабус беті

Қолданушы интерфейсіне толықтай шолу жасап болдық. Ендігі кезек сервер бөліктеріндегі ең негізгі бет – админ беті. Админ бетінде суперқолданушыларға мәліметтерді өзгерту, жою және құру мүмкіншіліктері болуы қажет. Админ бетіне өту үшін url жазатын орынға сілтеме/*admin* сөзін қосу қажет. Және бірінші суперқолданушы құру қажет болады. Оны *python3 manage.py createsuperuser* командасы арқылы құрылады. Админ бетінің негізгі бетінде барлық кестелер көрінеді. Яғни осы кестелерге DML операцияларын жасай аламыз. Delete, insert және update. Actions деген бөлімшеде соңғы жасалған операциялар көрсетіледі. «Электронды силлабус» веб қосымшасының админ беті 3.8-суретте көрсетілген.




3.7-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының админ беті

Админ беті арқылы сабақ қосу операциясы төмендегі суретте көрсетілген. Дәл қолданушы интерфейсі сияқты жұмыс жасайды. «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы жаңа сабақ қосу беті 3.8-суретте көрсетілген.




3.8-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы жаңа сабақ қосу беті

Қолданушыларды өзгерту немесе өшіру үшін осы суреттегі сілтемеге кіріп керек операцияны қолдана аламыз. Осы кестенің сыртқы байланыс кестесі Groups деген кесте болып табылады. Ол жалпы Django фреймворкінде қолданылатын стандартты кесте. Олай бөлу себебі қолданушылардың әртүрлі ролі болу мүмкін. Менің қосымшамда ондай мүмкіндіктер жоқ. Кейін жобам дамып жатқан болса ол міндетті түрде қосылуы қажет әрі керек. «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы қолданушыларды қосу, өшіру, өзгерту беті 3.9-суретте көрсетілген.




3.9-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы қолданушыларды қосу, өшіру, өзгерту беті

Егер қолданушы өзінің құпия сөзін өзгерткісі келсе онда осы сілтеме арқылы кіріп өзгертсе болады. Бірінші жолға ескі құпия сөзді жазып, кейінгі екі жолға жаңа құпия сөзді жазамыз. Тексерістен сәтті өтілген жағдайда құпия сөз өзгертіледі. «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы құпия сөзді өзгерту беті 3.10-суретте көрсетілген.




3.10-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы құпия сөзді өзгерту беті

Төмендегі көрсетілген скриншотта жай Select for update операциясы орындалып жатыр. Сол операция арқылы мәліметтер базасына сұраныс жасап, керек жолды өзгерте алады. Ол үшін өзімізге қажет жолды таңдап, тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет басамыз. Сол уақытта Edit операциясы орындалады. Біз осы негізгі қолданушыға көрсетілетін атрибуттарды көрінетін жасау үшін баптау бетінен көрсетуіміз тиіс. Қазір біз көріп тұрғандай subject_name, credit, takyrup және adebiet деген атрибуттар көрсетіліп тұр. «Электронды силлабус» веб қосымшасының сабақ өзгерту беті 3.11-суретте көрсетілген.




3.11-сурет – «Электронды силлабус» веб қосымшасының сабақ өзгерту беті

Келесіде көрсетілген суретте тақырып қосу беті. Бұл операция қолданушы интерфейсінде көрсетілмеген. Себебі тақырыптары супер қолданушы ғана қоса алады. «Электронды силлабус» веб қосымшасының администратор беті арқылы тақырып таңдау беті 3.12-суретте көрсетілген.



